

Консулдық заңдастыру Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2000 жылғы 21 қарашадағы N 264 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 4 қаңтарда N 1350 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 11 -1-2/576 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 06.12.2017 № 11-1-2/576 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Консулдық жарғысының 45-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Консулдық заңдастыру Ережелері бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер Министрінің
2000 жылғы 21 қарашадағы N 264
бұйрығымен бекітілді

Консулдық заңдастыру Ережелері

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "консулдық мекемелер", "консулдық мекемелерде", "консулдық мекемелермен", "консулдық мекемеде", "шет елде" деген сөздер тиісінше "шет елдік мекемелер", "шет елдердегі мекемелерде", "шет елдердегі мекемелермен", "шетелдегі мекемелер", "шет елде" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 7 қыркүйектегі N 08-1 /262 бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Консулдық заңдастыру (бұдан әрі - заңдастыру) дегеніміз құжаттардың болу елінің қолданыстағы заңдарына сәйкестігін тексеру және мұндай

құжаттарды басқа мемлекетте пайдалану мақсатымен оларға лауазым иесінің қойған қолы мен басқан мөрінің түпнұсқалылығын анықтау мен куәландыру болып табылады.

Заңдастыру халықаралық қатынастардағы құжаттар мен актілердің құқықтық күшін растайды. Құжаттың мазмұнына консул жауапты емес.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

2. Құжаттың түпнұсқалығы және тиісті түрде ресімделгендігі жайында оның қолданылуы жүретін елдің органдарына кепілдіктерді қамтамасыз ету заңдастырудың мақсаты болып табылады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

3. Заңдастыру бойынша функцияларды мыналар атқарады:

- 1) шетелде - Қазақстан Республикасының шет елдік мекемелері;
- 2) Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті (бұдан әрі - Консулдық қызмет департаменті).

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

4. Шетелдегі Қазақстан Республикасының шет елдік мекемелерінде құжаттар мен актілерді заңдастыру бойынша функциялар Қазақстан Республикасының консулдарына жүктеледі. Консулдың тапсырмасы бойынша заңдастыруды басқа да консулдық лауазымды адамдар жүзеге асыра алады.

Консул консулдық аймақтың билік орындарының қатысуымен әзірленген, олар растаған және олар шығарған құжаттар мен актілерді консулдық заңдастыру үшін қабылдайды.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы және құжаттар мен актілерді ұйымдары мен мекемелері шығарған мемлекет қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары шет мемлекеттің ұйымдарынан және мекемелерінен шығатын құжаттар мен актілерді заңдастырылған жағдайда ғана қарауына қабылдайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 20.08.2015 № 11-1-2/348 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Алынып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 11.12.2013 № 08-1-1-1/613 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін немесе өзінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін, немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының ар-ожданы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтер жазылған құжаттар мен актілер заңдастыруға жатпайды.

7-1. Заңдастыруға жатпайды:

1) туу туралы куәліктен басқа, жеке басты куәландыратын құжаттар; жүргізуші куәліктері;

2) әскери билеттер, шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктер;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, өзге де құжаттар мен актілер.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262; жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 11.12.2013 № 08-1-1-1/613 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасының шетелдегі шет елдік мекемелермен құжаттар мен актілерді заңдастыру

8. Құжаттар мен актілерді заңдастыруды жүзеге асыру үшін болатын мемлекеттің ұйымдары мен мекемелерінен шығатын құжаттар мен актілерді растауға уәкілетті консулдық аймақтағы билік орындары лауазымды адамдарының қолтаңбалары мен мөрлерінің үлгілері консулдың қол астында болуы тиіс.

9. Заңдастыруға ұсынылған құжаттар мен актілердің болатын мемлекеттің заңнамасына іс жүзіндегі сәйкестігі жөнінде күдік туындаған жағдайда, консул ресми түсіндіруді алу үшін консулдық аймақтың билік орындарына сұрау салу жасайды.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

10. Қазақстан Республикасынан құжат сұрату тәртібі бойынша Қазақстан Республикасында әзірленген, бірақ консулдық қызмет департаментінде заңдастырудан өткізілмеген құжаттар мен актілер консулға келіп түскен

жағдайларда, сонымен қатар болатын мемлекеттің заңнамасы бойынша ондай құжаттар мен актілерді заңдастыру қажет етілсе, консул оларды заңдастыра отырып, мүдделі адамдарға, ұйымдарға және мекемелерге береді.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

11. Қазақстан Республикасының аумағында әзірленген, бірақ консулдық қызмет департаментінде заңдастырудан өткізілмеген құжаттар мен актілер жекелеген азаматтардан, ұйымдардан және мекемелерден келіп түскен жағдайларда, консул ондай құжаттар мен актілерді олардың түпнұсқалығын анықтау мақсатында Консулдық қызмет департаментіне жіберуге тиісті. Ойдағыдай жауап берілген жағдайда, консул аталған құжаттар мен актілерді жалпы тәртіпке жүгіне отырып заңдастырады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

12. Қажетті жағдайларда, консул үшінші мемлекеттің аумағында қолданылуға арналған құжаттар мен актілерді заңдастыра алады.

13. Болатын мемлекеттен азаматтар, ұйымдар және мекемелер үшін сұратылған құжаттар мен актілерді консул осы Ережелерде көзделген тәртіпке сүйене отырып заңдастырады.

3. Құжаттар мен актілерді Қазақстан Республикасында заңдастыру

14. Консулдық қызмет департаменті шетелдік ұйымдар мен мекемелерден шығатын құжаттар мен актілерді, егер олар құжат шыққан шетел мемлекетінің шет елдік мекемесінде алдын ала заңдастырылған болса, заңдастырады.

15. Алынып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 11.12.2013 № 08-1-1-1/613 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Шетелдік дипломатиялық өкілдіктерде және Қазақстан Республикасында тіркелген консулдық мекемелерде құжаттар мен актілерді заңдастыру бойынша міндеттемелерді орындайтын лауазымды адамдар қолтаңбаларының және мөрлерінің үлгілері консулдық қызмет департаментінің қолында болуы тиіс.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

17. Консулдық қызмет департаменті Қазақстан Республикасының ұйымдары мен мекемелерінен шығатын және шетелде ұсынылатын құжаттар мен актілерді де заңдастырады.

18. Заңдастыруға жататын құжаттарды растау жөнінде іс-қимылдар жасауға уәкілетті Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарындағы лауазымды

адамдар қолтаңбаларының және мөрлерінің үлгілері Консулдық қызмет департаментінде болуы тиіс.

18-1. Құжаттар мен актілердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу үшін Консулдық қызмет департаменті Қазақстан Республикасының ұйымдары мен мекемелеріне, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктеріне және консулдық мекемелеріне ресми түсіндіру алу үшін сұрау салады.

Ескерту 3-тарау 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 11.12.2015 № 11-1-2/567 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Заңдастырылатын құжаттар мен актілерге қойылатын талаптар. Заңдастыру жазбасын жасау

19. Құжаттар түпнұсқалы түрде де, сондай-ақ нотариалдық куәландырылған түрде де заңдастыру үшін қабылданады.

20. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес тіркелген заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының және өкілдіктерінің құрылтайшылық құжаттары нотариалдық куәландырылған көшірмелер түрінде заңдастырылады.

Ескерту 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а 2014.10.17 № 08-1-1-1/463 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Егер шетелдік дипломатиялық өкілдіктегі немесе шет елдік мекемедегі заңдастыру құжаттың мемлекеттік тілден немесе орыс тілінен шет тіліне аудармасын беруді қажет етсе, консулдық қызмет департаментіндегі нотариалдық куәландырылған көшірмені заңдастыру оның аудармасымен бірге жүргізіледі. Аударма бір беттің оң жағында немесе жеке парақта болуы мүмкін. Соңғы жағдайда аударма құжатқа қоса тіркеледі.

22. Консулдың құжаттың немесе актінің аудармасын нотариалдық куәландыруы оның заңдастырылуына теңестірілмейді.

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

23. Заңдастыру үшін ұсынылатын құжаттар мен актілер анық және дәлме-дәл жазылуы тиіс. Лауазымды адамдардың қолтаңбалары мен мөрлердің көрінісі анық көрінуі тиіс.

Құжаттар мен актілердегі ашық жерлер сызылуы тиіс. Түзетулер мен қоса жазылатын жолдар құжатқа қол қойған адамдардың қол қоюы алдында ескертілуі тиіс және де оларды мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда шет тілінде жасалған заңдастыру жазбасында қайта көрсету керек. Осы қоса жазылатын жолдар мен түзетулер жасалғандығы, қате жазылып, кейін түзетіліп өшірілгеннің барлығын алғашқы күйінде оқи алуды қажет етеді. Түзетулер мен қоса жазылатын жолдар заңдастыру жазбасында жасалған жағдайда, олар ескеріледі және заңдастыруды жасайтын лауазымды адамдар ғана оларға қол қояды.

24. Заңдастыру жазбасына орын болмаған жағдайларда, ол жазба құжатқа немесе актіге қоса тіркелетін және заңдастыруды жасаған адамның мөрі мен қолы қойылып жеке парақта жасалады.

25. Құжаттың немесе актінің осы Ережелердің талаптарына сәйкес заңдастыруға заңдастыра алынатындығына лауазымды адам көз жеткізгеннен кейін, оған белгіленген үлгідегі жазба жасалады (1, 2-қосымша).

Ескерту: 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

26. Шет елдік мекемелер құжаттар мен актілерді заңдастыру жөніндегі реестрлерді белгіленген нысанға сәйкес жүргізеді (3-қосымша).

Ескерту: 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

27. Осы Ережелерге сәйкес құжаттар мен актілерді заңдастыру бойынша іс-қимылдар жасаған үшін мүдделі жеке және заңды тұлғалардан "Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес консулдық алым алынады.

Ескерту 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а 2014.10.17 № 08-1-1-1/463 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Қазақстан Республикасының консулы осы Ережелердің 7 және 7-1 тармақтарда аталған жағдайларда өтініш жасаушының құжатын заңдастырудан бас тартуға құқылы. Бас тартуға байланысты жоғары сатыдағы лауазымды адамға, Консулдық қызмет департаментіне немесе сотқа ҚР заңында белгіленген тәртіпте шағым арыз жазуға болады.

Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

Консулдық заңдастыру
ережелеріне
1-Қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

Консулдық қызмет департаментінің

заңдастыру жазуының үлгісі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінде заңдастырылды.

This document is legalized in Department of Consular Service of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan.

Бөлім бастығы

Head of the section _____

қолы/signature

Консулдық заңдастыру
ережелеріне
2-Қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 11.12.2013 № 08-1-1-1/613 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің заңдастыру жазуының үлгісі

Осы құжат _____ заңдастырылды.

(Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы)

this document is legalized in _____

(name of the embassy/ consulate general /consulate of the Republic of Kazakhstan)

№ _____

20 ____ ж. " __ " _____

Консул/consul _____

қолы/signature

3 қосымша

Консулдық заңдастыру

Ережелеріне

Ескерту: 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2006.09.07 N 08-1/262 бұйрығымен.

Заңдастырудан өткен құжаттарды есепке алу жөніндегі реестр

| | | | | | | | | |
|--|--|---------------------------|--|----------------|--|--|--|--|
| | | Құжаттардың атауы, кімнің | | Өтініш жасаушы | | | | |
|--|--|---------------------------|--|----------------|--|--|--|--|

| № | Заңдастыру күні | атына, кім және қашан берді, берілу күні және нөмірі | Өтініш жасаушының аты-жөні | паспорты N, кім және қашан берді | Консулдық алымның сомасы | Іс жүзіндегі шығындардың сомасы | Квитанциясының нөмірі | өтініш жасаушының қолы |
|---|-----------------|--|----------------------------|----------------------------------|--------------------------|---------------------------------|-----------------------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК